

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін реттеудің жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамыр N 643 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.13 № 1196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Жарлығына және "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі заңына Z990357_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алымдарды белгілеу туралы бұрын қабылданған шешімдерді жойсын және егер заң актілерінде тікелей өзгеше көзделмеген болса, бұдан әрі оларды белгілемесін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1)
2) "Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін, көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі Негізгі ережелерді және лауазымды тұлғалар мен жол қозғалысына қатысушылардың жол қозғалысын қамтамасыз ету мен қауіпсіздік жөніндегі міндеттерін және көлігі арнайы жарық және дыбыс беретін белгілермен жабдықтауға және арнайы бояу- графикалық схема бойынша боялуға жататын жедел және арнаулы қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 P971650_ қаулысында:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережелерінде:

1.2-тармақтың қырық бірінші абзацы "Жол-комендаттық бөлімшенің" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі - Көліктік бақылау комитеті) қызметшісі" деген сөздермен толықтырылсын;

2.1. 1-тармағының сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңдарда көзделген жағдайларда, тексеру үшін Көліктік бақылау комитетінің қызметшілеріне арнаулы рұқсаттаманы, халықаралық тасымалды жүзуге асыру кезіндегі рұқсаттама мен лицензияны (немесе есеп құжатын) көрсетсін. Арнаулы рұқсаттама мен рұқсаттама болмаған жағдайда Көліктік бақылау комитетінің қызметшісіне көлік құралын басқару құқығы үшін жүргізушінің куәлігін (Уақытша рұқсаттама мен жүргізушінің жеке басын

куәландыратын құжат) алу үшін көлік құралына арналған тіркеу құжаттарын, жол жүру парағы мен тасылатын жүкке арналған құжаттарды тапсырады";

3)

ЕСКЕРТУ. 1), 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.01.11.
N 62 қаулысымен.

Р 0 2 0 0 6 2 _

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Орынбекова Д.
Нарбаев Е.